

**«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ АГРАРЛЫҚ ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ»
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ**

«Инженерлік-техникалық» факультеті

ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГЫ

**6В11201– Қоршаған ортаны қорғау және өміртіршілігінің қауіпсіздігі
2024-2028 оқу жылына арналған**

АЛМАТЫ 2024

Элективті пәндер каталогы Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті оқу-әдістемелік кеңесінің (хаттама №1 «27» 08. 2024 ж.) және Ғылыми кеңесінің (хаттама № 1, «29» 08. 2024 ж.) шешімдерімен мақұлданған

Алғы сөз

Элективті пәндер каталогы (ЭПК) Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығы бекітілген Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты негізінде Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің оқу-әдістемелік жұмыстар бөлімімен құрастырылды.

ЭПК білім алушыларға жеке білім траекториясын құру үшін элективті оқу пәндерін және ПОҚ таңдау мүмкіндігімен қамтамасыз етеді. Білім беру бағдарламаларының және ЭПК негізінде білім алушылар эдвайзерлердің көмегімен жеке оқу жоспарын әзірлейді.

Каталог кестесінде жалпы білім беру пәндері (ЖБП) циклінің міндетті, таңдау пәндері, базалық пәндер (БП), кәсіптік пәндер (КП) циклінің жоғары оқу орнының міндетті және таңдау пәндері мен оның баламасының формуляры келтіріледі. ЭПК формулярында пәндердің қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі атаулары, пәннің қысқаша мазмұны, пререквизиттері мен постреквизиттері, ПОҚ аты-жөні, кредит саны мен курсты оқу семестрі көрсетілген.

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ: «6В11201 ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ӨМІРТІРШІЛІГІНІҢ ҚАУІПСІЗДІГІ»

Берілетін дәреже: 6В11201 – «Қоршаған ортаны қорғау және өміртіршілігінің қауіпсіздігі» білім беру бағдарламасы бойынша қызмет көрсету саласының бакалавры

1 КУРС

Цикл	Код	Пәндер	Академ. кредиты
1 семестр – 32 академиялық кредит			
<i>Міндетті компонент – 17академ. кр</i>			
ЖББП	КТМ 1101	Қазақстан тарихы	5
ЖББП	ShT 1102	Шетел тілі	5
ЖББП	К(О)Т 1103	Қазақ (Орыс) тілі	5
ЖББП	DSh 1104	Дене шынықтыру	2
<i>Жоғары оқу орны компоненті – 10 кр.</i>			
БП	ZhM 1241	Жоғарғы математика	5
БП	Him 1238	Химия	5
<i>Таңдау компоненті – 5 кр.</i>			
ЖББП	GZN 1127	Ғылыми зерттеулердің негіздері	5
	Kas 1126	Кәсіпкерлік	
	ТАК 1125	Тіршілік әрекетінің қауіпсіздігі	
	Еко 1124	Экология	
	Еко 1123	Экономика	
	KSZhKM 1122	Құқық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет	
2 семестр – 32 академиялық кредит			
<i>Міндетті компонент – 20 кр.</i>			
ЖББП	ShT 1110	Шетел тілі	5
ЖББП	К(О)Т 1104	Қазақ (Орыс) тілі	5
ЖББП	ASBMASMP 1105	Әлеуметтік-саясаттану білім модулі (әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану, психология)	8
ЖББП	DSh 1108	Дене шынықтыру	2
<i>Жоғарғы оқу орны компоненті – 7кр.</i>			
БП	МКМТ 1263	Материалтану және конструкциялық материалдар технологиясы	5
БП	ОР 1258	Оқу практикасы	2
<i>Таңдау компоненті-5кр</i>			
БП	ТАОСК 1252	Табиғи апаттар және олардың салдарымен күресу	5
	КТР 1252	Қауіпті табиғи процестер	

Пәнді сипаттау формуляры

Пәннің коды мен атауы	KSZhKM 1122 Құқық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет
Пәннің ПОҚ	Төленді М.А. Жаксымбетов Б.П. Нурмаханова Ж.М Абдикешов М
Пән циклі	ЖПБ/ТК
Оқу деңгейі	Бакалавр
Білім беру бағдарламасы	6В11201–«Қоршаған ортаны қорғау және өміртіршілігінің қауіпсіздігі»
Академиялық кредит	5
Оқыту формасы	Күндізгі
Семестр	1
Пәннің пререквизиттері	Адам. Қоғам. Құқық (мектеп бағдарламасы), әлеуметтік-саясаттану және салауатты өмір салты модулі
Пәннің постреквизиттері	4 Модуль. Арнайы медициналық-санитарлық және құқықтық дайындық
Пәнді оқу мақсаты	"Құқық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет" пәнін оқыту студенттердің қоғамдық және жеке құқықтық санасын және құқықтық мәдениетін арттыру, сонымен қатар әлеуметтік қарсы құбылыс ретінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету бойынша білім жүйесін және азаматтық ұстанымды қалыптастыру болып табылады.
Пән мазмұны	Курс бағдарламасы мемлекет пен құқықтың негізгі теориясы мен шығу тегі, конституциялық, әкімшілік, Еңбек, Азаматтық құқық, қылмыстық, отбасылық, жер, қаржы, салық, банк, сақтандыру құқығы сияқты Қазақстан құқығының ерекшеліктерін, мәнін, әдістерін, принциптерін, салаларын анықтауды, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама саласында студенттердің құқықтық сауаттылығын арттыруды, сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасты қалыптастыруды қарастырады.
Пәннің құзіреттілігі	- біледі: Қазақстан Республикасы Конституциясының негізгі ережелерін; - түсінеді: құқықтық реттеу саласы тұрғысынан оқиғалар мен іс-әрекеттерді талдауды түсіну және қажетті нормативтік актілерге сүйене білу; - қолдана алады: нақты жағдайларда азаматтық құқық нормаларын қолдану; - құзіретті: моральдық сананың құзіретті құндылықтары болу және күнделікті тәжірибеде адамгершілік нормаларды ұстану;
Қорытынды бақылау нысаны	Емтихан
Мерзімі	1 академиялық кезең (15 апта)
Әдебиеттер тізімі	1. А.В. Соловьев.Конфликт корыстных интересов на государственной и муниципальной службе: природа и способы преодоления: учебное пособие М.: Проспект, 2018. 256 с. 2. И.В. Левакин, Е.В. Охотский, И.Е. Охотский, М.В. Шедий: Юрайт, Противодействие коррупции 3-е изд. Учебник и

	<p>практикум для академического Бакалавра 2018, 428 с.</p> <p>3. А.С. Автономов, Н.А. Голованова, В.В. Гриб и др.; отв. ред. А.С. Автономов. Юридические и организационные антикоррупционные меры: сравнительное исследование М.: Юрист, 2017. 132 с.</p> <p>4. О.А. Матвейчев Мифы о коррупции:Книжный мир, 2018 г. 576 с.</p> <p>5. Б. С. Абдрасилов Жалпы редакциясын басқарған б.ғ.д., профессор Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері: оқу құралы/. – Астана: Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы, 2016. – 176 б.</p> <p>6. Аргинбекова Г. И., Кындыбаева Р.Р. Жастардың жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыру маңызды іс. Молодой учёный журналы №17 (307) апрель 2020г.</p>
--	--

Пәннің коды мен атауы	Екоп 1123 Экономика
Пәннің ПОҚ	Бельгибаева Ж.Ж., Карымсакова Ж.К., Саяпил А., Джумабаева А.М.
Пән циклі	ЖПБ/ТК
Оқу деңгейі	Бакалавр
Білім беру бағдарламасы	6В11201–«Қоршаған ортаны қорғау және өміртіршілігінің қауіпсіздігі»
Академиялық кредит	5
Оқыту формасы	Күндізгі
Семестр	1
Пәннің пререквизиттері	Қазақстанның жаңа тарихы, әлеуметтік-саяси білім модулі;
Пәннің постреквизиттері	Дипломдық жұмыс (жоба)
Пәнді оқу мақсаты	Экономикалық ойлауды қалыптастыру, нарықтық экономика туралы білім алу, мемлекеттің экономикалық саясаты ұғымы
Пән мазмұны	Экономика пәні және зерттеу әдістері. Қоғамдық өндіріс негіздері. Меншік және экономикалық жүйе. Қоғамдық шаруашылық нысандары. Нарықтық жүйенің қызмет ету механизмінің негіздері. Фирма және кәсіпкерлік теориясы. Өндіріс, фирманың шығындары мен табысы. Өндіріс факторларының нарығы және табыстарды бөлу. Ұлттық экономика негіздері: мазмұны құрылымы және нәтижесін өлшеу. Экономикалық өсу және нарықтық экономиканың тұрақсыздығы. Инфляция және жұмыссыздық экономикалық тұрақсыздықтың көрінісі ретінде. Ұлттық экономикадағы қаржы және ақша несие жүйесінің негіздері. Ұлттық экономиканы мемлекеттік реттеу және экономикалық қауіпсіздік. Әлемдік экономика қызмет етуінің экономикалық негіздері.
Пәннің құзіреттілігі	<p>Пәннің меңгергеннен кейін бакалавр:</p> <p>- біледі нарықтық экономиканың негізгі заңдылықтары;</p> <p>- түсінеді:нарықтарда экономикалық агенттердің өзара іс-қимыл тетігі;</p>

	<p>-қолдана алады:осы пәнді оқу барысында алған теориялық білімін тәжірибеде;</p> <p>- құзретті:тиімді шаруашылық шешімдердің нұсқасын кәсіби тұрғыдан дамыту және дәлелдеуде.</p>
Қорытынды бақылау нысаны	Емтихан
Мерзімі	1 академиялық кезең (15 апта)
Әдебиеттер тізімі	<ol style="list-style-type: none"> 1. Мэнкью, Н.Г. Экономикс [Мәтін].- 4-бас.- Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018.- 848 б.- (Рухани жаңғыру. Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық). 2. Есполов Т.И.,Белгібаев Қ.М., Экономикалық теория негіздері. Оқу құралы. 2013 ж. 3. Н.А.Маженова Экономикалық теория: Оқу құралы құраст.– Алматы: Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ, 2015. 4. Ахмедьярова М.В. Экономикалық теория: Оқу құралы; Т.Рысқұлов атындағы Жаңа экономикалық университеті. - Алматы, 2016. 5. Лашкарева, О.В. Макроэкономика [Текст]: учеб. пособие.- Алматы: TechSmith, 2018.- 324 с. 6. Лашкарева, О.В. Макроэкономика [Текст]: метод. указания для подготовки к семинарам для студентов экон. спец. / О.В. Лашкарева.- Алматы: TechSmith, 2018.- 64 с. 7. Көшімова, М.Ә. Макроэкономика [Мәтін]: оқу құралы / М.Ә. Көшімова.- Алматы: Экономика, 2014.- 178 б. 8. Ғиззатова, А.И. Макроэкономика [Мәтін]: оқу құралы / А.И. Ғиззатова, А.А. Ким; ҚР Білім және ғылым м-трлігі.- Алматы: Бастау, 2014.- 408 б.

Пәннің коды мен атауы	Екoл 1124 Экология
Пәннің ПОҚ	Асылoвa P, Мусaпирoв Д, Әбдірaхымoв Н, Үсeнoвa Г
Пән циклі	ЖПБ/ТК
Оқу деңгейі	Бакалавр
Білім беру бағдарламасы	6В11201–«Қоршаған ортаны қорғау және өміртіршілігінің қауіпсіздігі»
Академиялық кредит	5
Оқыту формасы	Күндізгі
Семестр	1
Пәннің пререквизиттері	Қазақстанның қазіргі заман тарихы, философия
Пәннің постреквизиттері	5 Модуль. Жалпы аграрлық-техникалық дайындау
Пәнді оқу мақсаты	студенттерді биосфераның және оның құрамдас бөліктерінің ұйымдастырылуы мен қызмет етуінің теориялық негіздерімен таныстыру, табиғи ортаны қорғау мәселелерін шешу кезінде осы білімді қолдану дағдыларын қалыптастыру
Пән мазмұны	"Экология курсында адамның биосфераның бұзылу механизмдерін, осы үдерістің алдын алу тәсілдерін зерттейді және табиғи ресурстарды тиімді пайдалану принциптерін әзірлейді. Қолданбалы экологияның ғылыми негізін жалпы экологиялық заңдар, ережелер мен қағидалар жүйесі кұрайды.

Пәннің құзіреттілігі	<p>- біледі:экожүйелер қызметінің негізгі ғылыми принциптерін білу; қоршаған ортаға антропогендік әсермен байланысты мәселелер;</p> <p>- - түсінеді:тірі организмдер мен тіршілік ортасының өзара әрекеттесуінің жалпы заңдылықтарын түсіну; қоршаған ортаға антропогендік әсермен байланысты проблемалар шеңберіне талдау жүргізу;</p> <p>- - қолдана алады:маңызды экологиялық проблемалардың себептері мен салдарын қолдану; осы проблемаларды шешу жолдары мен мүмкіндіктері және оларды дамыту;</p> <p>- құзіретті: табиғатты қорғау қызметінің нақты міндеттері мен басымдықтарын қарастыру; адам мен табиғат бірлігін және қоршаған ортаны қорғау қажеттілігін түсіну;</p>
Қорытынды бақылау нысаны	Емтихан
Мерзімі	1 академиялық кезең (15 апта)
Әдебиеттер тізімі	<p>1.Стадницкий Г.В., Родионов А.И. Экология: учебное пособие для вузов.–7 изд., испр.–СПб:Химидат, 2013.–240с.</p> <p>2.В.Н. Стройнова, Гусельников М.Э. Биоэкология. Учебное пособие. – Томск: Изд-во ТПУ, 2012. – 188 с.</p> <p>3.Бейсенова А.С., Шилдебаев Ж.Б., Саутбаева Г.З. «Экология», Алматы: 2011</p> <p>4.Коробкин В.И., Передельский Л.В. Экология. М., 2010. – 576 с.</p>

Пәннің коды мен атауы	ТАК 1125 Тіршілік әрекетінің қауіпсіздігі
Пәннің ПОҚ	Ардакова А.А., Дюсенбиева А.Х., Жолдасова А.У.
Пән циклі	БП/ТК
Оқу деңгейі	Бакалавр
Білім беру бағдарламасы	6В11201 – «Қоршаған ортаны қорғау және өміртіршілігінің қауіпсіздігі»
Академиялық кредит	5
Оқыту формасы	күндізгі
Семестр	1
Пәннің пререквизиттері	Табиғи тылсым құбылыстар/Техногенді катастрофалар
Пәннің постреквизиті	6 Модуль. Төтенше жағдайлардың алдын алу және қорғау
Пәннің мазмұны	<p>Пәннің мақсаты мен міндеті. Құбылыстың пайда болуының жіктелуі мен табиғи үрдістер, төтенше жағдайларға әкеп соғуы, тылсым құбылыстың литосферада пайда болуының түрлері мен жіктелуі. Тылсым құбылыстың гидросферада пайда болуы анықталуы және мінездемесі. Интенсивтік күші сағат сайын жалғасуы фактордың әсері, профилактикалық және құтқару жұмыстарының түрлері әр түрлі қауіптің пайда болуы үшін. Тылсым құбылыстың ауа қабатында пайда болуы метеорологиялық және агрометеорологиялық пайда болудың түрлері. Табиғи өрттер, ауылшаруашылығындағы жануарлардың инфекциялық аурулары. Ауылшаруашылық үрдісінде аурулардың өсуі мен зиянды заттардың қалыптасуы.</p>
Пәннің құзіреттілігі	- білуге тиіс: құтқаруға және басқа да уақыт күттірмейтін

	<p>жұмыстарға арналған машиналар мен құрылғылардың жалпы құрылысын, олардың параметрлерін, жұмыс үрдісін, негізгі конструкторлық-пайдалану мінездемесін, машинаны пайдалануға енгізу тәртібін, оларды пайдалану және қауіпсіз қолдану техникалық бақылаудың жалпы ережесін.</p> <p>- қабілетті болуы керек: уақыт күттірмейтін жұмыстарға арналған машиналар мен құрылғыларды қолдана алуы, құтқару техникаларын тиімді пайдалануы.</p> <p>- меңгеруі керек: құтқаруға және басқа да уақыт күттірмейтін жұмыстарға арналған машиналар мен құрылғыларды төтенше жағдайларда қолдана алуы үшін жете білуі тиіс.</p> <p>- күзіретті болуы керек: Табиғи және техногендік төтенше жағдайларда ұйымдастыру қабілеті мен қалай әрекет ете алу жағдайларды жете меңгеріп шығуы керек.</p>
Қорытынды бақылау нысаны	Емтихан
Мерзімі	1 академиялық кезең (15 апта)
Әдебиеттер тізімі	<p>Негізгі әдебиеттер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Хамитов Н.М. Тіршілік қауіпсіздік негіздері оқу құралы Алматы: ҚазҰАЗУ 2020ж-140б. 2. Хамитов Н.М. Еңбек қорғау / оқулық – Алматы ҚазҰАЗУ 2020- 207б. 3. Хамитов Н.М. Основы безопасности жизнедеятельности Алматы: 2020-119б. 4. Беляков Г.И. Безопасность жизнедеятельности и охрана труда в сельском хозяйстве. Москва. Юрайт. С. 412. 2018 5. Колчин А.В., Буренко Л.А., Филиппова Е.М. Рекомендации по аттестации рабочих мест. /Техника в сельском хозяйстве, 2013, № 6, с. 17 – 20. <p>Қосымша әдебиеттер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1.Р.Р.Бейсенова, А.Зандыбай, А.Д.Рахишева, Г.Е.Саспугаева Биоэкологиялық мониторинг оқу құралы.- Алматы: Эверо, 2017.- 188 б. 2.Бейсенова Р.Р. Экология және тұрақты даму: оқулық.- Алматы: Эпиграф, 2016.- 160 б. 3. Қ.Т.Жантасов, Е.Н.Кочеров, А.С.Наукенова, М.Қ.Жантасов Еңбекті қорғау және тіршілік қауіпсіздігі: оқулық.- Алматы: Эпиграф, 2016.- 588 б. 4. М.Ж.Бурлибаев, А.А.Волчек, М.Ю.Калинин [и др.]Чрезвычайные ситуации в природной среде: мониторинг, прогноз, предупреждение.- Алматы: Каганат, 2011.- 356 с. 5. Қ.Т.Жантасов, Е.Н.Кочеров, А.С.Наукенова, М.Қ.Жантасов Еңбекті қорғау және тіршілік қауіпсіздігі: оқулық.- Алматы: Эпиграф, 2016.- 588 б.

Пәннің коды мен атауы	Кас 1126 Кәсіпкерлік (Entrepreneurship)
Пәннің ПОҚ	Саурукова А.К, Джумабаева А.М.
Пән циклі	ЖБП / ТК
Оқыту деңгейі	Бакалавр
Білім беру бағдарламасы	6В11201–«Қоршаған ортаны қорғау және өміртіршілігінің

	қауіпсіздігі»
Академиялық кредит саны	5
Оқу формасы	Күндізгі
Семестр	1
Пәннің пререквизиттері	«Кәсіпкерлік негіздері» мектеп бағдарламасы
Пәннің постреквизиттері	Көліктегі есеп және талдау, Көлік статистикасы
Пәннің мақсаты	бұл курс студенттердің кәсіпкерлік қызметті анықтайтын негізгі категориялар мен ұғымдарды зерделеуі, шағын кәсіпкерлікті құру және жүргізу тәсілдерін игеруі болып табылады.
Пәннің мазмұны	Кәсіпкерлік пен кәсіпкерлік менеджменттің мәні мен мазмұны. Кәсіпкерліктің ұйымдастырушылық-экономикалық негіздері. Кәсіпкерлік процесс ретінде. Кәсіпкерлік қызметті жоспарлау. Өз ісін ұйымдастыру. Өндірістік кәсіпкерлік қызмет. Кәсіпкерлік бірліктің коммерциялық қызметі. Кәсіпкерлік ұйымның қызметін бағалау. Кәсіпкерлік ұйымның қызметін тоқтату.
Пәннің құзіреттілігі	<p>Пәнді меңгергеннен кейін бакалавр:</p> <ul style="list-style-type: none"> - кәсіпкерлік туралы теорияның негіздерін білу; - кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыру тәртібі; - кәсіпкерлік саладағы ынтымақтастық нысандары - бизнес-жоспарларды әзірлеу әдістемесі; - кәсіпкерлік қызметтің тиімділігін бағалау көрсеткіштерінің жүйесі; - дамуды мемлекеттік реттеудің шетелдік және отандық тәжірибесі кәсіпкерлік; <p>кәсіпкерлік жобаларды дайындау мен іске асыруды жүзеге асыра білу;</p> <ul style="list-style-type: none"> - нарыққа маркетингтік зерттеулер жүргізу және бизнес-жоспар әзірлеу; - өндіріс пен кәсіпкерлікті дамыту бағыттарын айқындау; - стандартты емес ұйымдастырушылық шешімдерді іздеу, таңдау және ұтымды кадрларды орналастыру; - жеткізушілермен және тұтынушылармен іскерлік қатынастар орнату; - тауарлар мен өндірістік құрылымдардың өмірлік циклін болжау; - коммерциялық тәуекел жағдайында оңтайлы шешімдер қабылдау;түсінеді; - кәсіпкерлік құрылымдардың қызметін ұйымдастыру мәселелері; - кәсіпкерлік идеялар банкін құру әдістемелерімен; - бизнес-жоспарларды әзірлеу дағдылары; - кәсіпкерлік қызметті материалдық және қаржылық қамтамасыз ету мәселелерімен; - ұйымды қаржылық дәрменсіздігі жағдайында басқару тәсілдері және банкроттық.қолдана алады; - кәсіпорын мен ұйымның экономикалық қызметі мәселелерін

	шешу, шаруашылық жүргізуші субъектінің тиімді даму нұсқаларын таңдау құзыретті .
Қорытынды бақылау формасы	Емтихан
Оқыту ұзақтығы	1 академиялық кезең (15 апта)
Әдебиеттер тізімі	<p>Негізгі әдебиеттер</p> <p>1. Рыспекова М.О. Экономика и организация предприятия. - Алматы: изд. «TechSmith», 2018.</p> <p>3. Череданова Л.Н. Основы экономики и предпринимательства: учебник/Л.Н. Череданова. – 17 изд., стереотип. -М.: Академия, 2017. -224 с.</p> <p>4. Предпринимательский кодекс РК. - Алматы 2017.– 280 с.</p> <p>5. Закон Республики Казахстан «О товариществах с ограниченной и дополнительной ответственностью» от 22 апреля 1998г. №220-1. – Алматы. Альманах, 2017.- 67 С.(Юрид. Б-ка)</p> <p>Қосымша әдебиеттер</p> <p>6. Хамитова К. Экономика және кәсіпкерлік негіздері: оқулық / К. Хамитова.- 3-бас. толықт., өнд.- Астана: Фолиант, 2016.- 200 б.- (Кәсіптік білім).</p> <p>7. Қамысбаев М.Қ. Микроэкономика: экономикалық маманд. оқитын күндізгі оқу бөлімінің студенттеріне арн. әдістемелік нұсқау / М.Қ. Қамысбаев, Б.М. Асанов, Ж. Жарылқасын; ҚазҰАУ.- Алматы, 2012.- 30 б.</p> <p>8. Куратко Д.Ф. Предпринимательство: теория, процесс, практика / Д.Ф.Куратко, пер.С.А.Нурова; 8 изд. – Алматы.</p>

Пәннің коды мен атауы	GZN 1127 - Ғылыми зерттеулердің негіздері Fundamentals of Scientific Research
Пәннің ПОҚ	Жунисбеков П.Ж, Ундербаев М.С.
Пән циклі	ЖБП / ТК
Оқыту деңгейі	Бакалавр
Білім беру бағдарламасы	6В11201–«Қоршаған ортаны қорғау және өміртіршілігінің қауіпсіздігі»
Академиялық кредит саны	5
Оқу формасы	күндізгі
Семестр	1
Пәннің пререквизиттері	Математика, физика
Пәннің постреквизиттері	Автомобиль құрылысы, Көлік техникасының техникалық сервисі
Пәннің мақсаты	студенттердің ғылыми-зерттеу қызметінің дағдыларын дамыту, студенттерді ғылыми білімге баулу, олардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге дайындығы мен қабілетін дамыту болып табылады
Пәннің мазмұны	студенттерді ғылыми ізденіс жағдайында жұмыс жүргізу сипаттарымен және мысалдарымен, өндірістік ғылыми зерттеулердің нәтижелерін дайындау және өндеуді таныстыру
Пәннің құзіреттілігі	<p>Пәнді оқығаннан кейін студент:</p> <p>Білу тиіс: Ғылыми зерттеулер негіздерін білу;</p> <p>Қабілетті болуы керек:</p> <p>Ғылыми тәжірибедерді жүргізу әдістерін жүргізу, құрал</p>

	жабдықтарды пайдалана білуге. Құзыретті болу: Өндірістік үдерістің мәселелерін шешуде ғылыми шешімдер қабылдау. Технологиялық үдерістерді оңтайландыру, жаңа жобаларды игеру, тасымалдау процестерін оңтайландыру.
Қорытынды бақылау нысаны	емтихан
Оқыту ұзақтығы	1 академиялық кезең (15 апта)
Әдебиеттер тізімі	<p>Негізгі әдебиеттер:</p> <p>1 Спандияр Е. Основы научных исследований и инновации: учеб. пособие. – Алматы: Эверо, 2015. – 144 с.</p> <p>2 Пономарев А.Б. Методология научных исследований в автоматизации управления. учеб. пособие. МОН РФ; ФГБОУ ВПО, Перм.нац.исслед. политех. Ун-т. 2014. -186 с.</p> <p>3 Кентбаев Б.А. Методология научных исследований. Учебник: МОН Рк; КазНАУ. – Алматы: Нур-Принт, 2015. – 209 с.</p> <p>4 Вельможин, А.В. Основы теории транспортных процессов и систем. учеб. пособие .- М.: Академия, 2015.- 224 с.</p> <p>Қосымша әдебиеттер:</p> <p>5. Кадыров А.С. Основы научных исследований. Моногр. – Караганда: Акнұр, 2018. -318 с.</p> <p>6. Жунисбеков П. Основы моделирования сельскохозяйственных машин и выполняемых ими технологических процессов (учебное пособие). Алматы, КазГосАгро, 1997. -53с</p> <p>7. Гайдаенко А.А., Гайдаенко О.В. Логистика: Учебник. – М.: Кнорус, 2009.</p> <p>8. Болдин А.П. Основы научных исследований. Учеб.-2-е изд., - М.: Академия, 2012. -352 с.</p>

Пәннің коды мен атауы	ТАОСК 1252 Табиғи апаттар және олардың салдарымен күресу
Пәннің ПОҚ	Ардакова А.А., Дюсенбиева А.Х., Жолдасова А.У.
Пән циклі	БП/ТК
Оқу деңгейі	Бакалавр
Білім беру бағдарламасы	6В11201 – «Қоршаған ортаны қорғау және өміртіршілігінің қауіпсіздігі»
Академиялық кредит	5
Оқыту формасы	Күндізгі
Семестр	2
Пәннің пререквизиттері	Биология (мектеп бағдарламасы), Физика (мектеп бағдарламасы)
Пәннің постреквизиті	6 Модуль. Төтенше жағдайлардың алдын алу және қорғау
Пәннің мақсаты	Тылсым құбылыстың гидросферада пайда болуы анықталуы және мінездемесі. Интенсивтік күші сағат сайын жалғасуы фактордың әсері, профилактикалық және құтқару жұмыстарының түрлері әр түрлі қауіптің пайда болуы
Пәннің мазмұны	Пәннің мақсаты мен міндеті. Құбылыстың пайда болуының жіктелуі мен табиғи үрдістер, төтенше жағдайларға әкеп соғуы, тылсым құбылыстың литосферада пайда болуының түрлері мен жіктелуі. Тылсым құбылыстың гидросферада пайда болуы анықталуы және мінездемесі. Интенсивтік күші сағат сайын

	жалғасуы фактордың әсері, профилактикалық және құтқару жұмыстарының түрлері әр түрлі қауіптің пайда болуы үшін. Тылсым құбылыстың ауа қабатында пайда болуы метеорологиялық және агрометеорологиялық пайда болудың түрлері. Табиғи өрттер, ауылшаруашылығындағы жануарлардың инфекциялық аурулары. Ауылшаруашылық үрдісінде аурулардың өсуі мен зиянды заттардың қалыптасуы.
Пәннің құзіреттілігі	<p>- білуге тиіс: құтқаруға және басқа да уақыт күттірмейтін жұмыстарға арналған машиналар мен құрылғылардың жалпы құрылысын, олардың параметрлерін, жұмыс үрдісін, негізгі конструкторлық-пайдалану мінездемесін, машинаны пайдалануға енгізу тәртібін, оларды пайдалану және қауіпсіз қолдану техникалық бақылаудың жалпы ережесін.</p> <p>- қабілетті болуы керек: уақыт күттірмейтін жұмыстарға арналған машиналар мен құрылғыларды қолдана алуы, құтқару техникаларын тиімді пайдалануы.</p> <p>- меңгеруі керек: құтқаруға және басқа да уақыт күттірмейтін жұмыстарға арналған машиналар мен құрылғыларды төтенше жағдайларда қолдана алуы үшін жете білуі тиіс.</p> <p>- құзіретті болуы керек: Табиғи және техногендік төтенше жағдайларда ұйымдастыру қабілеті мен қалай әрекет ете алу жағдайларды жете меңгеріп шығуы керек.</p>
Қорытынды бақылау нысаны	Емтихан
Мерзімі	1 академиялық кезең (15 апта)
Әдебиеттер тізімі	<p>Негізгі әдебиеттер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Хамитов Н.М. Тіршілік қауіпсіздік негіздері оқу құралы Алматы: ҚазҰАЗУ 2020ж-140б. 2. Хамитов Н.М. Еңбек қорғау / оқулық – Алматы ҚазҰАЗУ 2020- 207б. 3. Хамитов Н.М. Основы безопасности жизнедеятельности Алматы: 2020-119б. 4. Беляков Г.И. Безопасность жизнедеятельности и охрана труда в сельском хозяйстве. Москва. Юрайт. С. 412. 2018 5. Колчин А.В., Буренко Л.А., Филиппова Е.М. Рекомендации по аттестации рабочих мест. /Техника в сельском хозяйстве, 2013, № 6, с. 17 – 20. <p>Қосымша әдебиеттер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1.Р.Р.Бейсенова, А.Зандыбай, А.Д.Рахешева, Г.Е.Саспугаева Биоэкологиялық мониторинг: оқу құралы.- Алматы: Эверо, 2017.- 188 б. 2.Бейсенова Р.Р. Экология және тұрақты даму: оқулық.- Алматы: Эпиграф, 2016.- 160 б. 3. Қ.Т.Жантасов, Е.Н.Кочеров, А.С.Наукенова, М.Қ.Жантасов Еңбекті қорғау және тіршілік қауіпсіздігі: оқулық.- Алматы: Эпиграф, 2016.- 588 б. 4. М.Ж.Бурлибаев, А.А.Волчек, М.Ю.Калинин [и др.]Чрезвычайные ситуации в природной среде: мониторинг, прогноз, предупреждение.- Алматы: Каганат, 2013.- 356 с.

	5. Қ.Т.Жантасов, Е.Н.Кочеров, А.С.Наукенова, М.Қ.Жантасов Еңбекті қорғау және тіршілік қауіпсіздігі: оқулық.- Алматы: Эпиграф, 2016.- 588 б.
--	--

Пәннің коды мен атауы	КТР 1252 Қауіпті табиғи процестер
Пәннің ПОҚ	Ардакова А.А., Дюсенбиева А.Х., Жолдасова А.У.
Пән циклі	БП/ТК
Оқу деңгейі	Бакалавр
Білім беру бағдарламасы	6В11201 – «Қоршаған ортаны қорғау және өміртіршілігінің қауіпсіздігі»
Академиялық кредит	4
Оқыту формасы	күндізгі
Семестр	2
Пәннің пререквизиттері	Биология (мектеп бағдарламасы), Физика (мектеп бағдарламасы)
Пәннің постреквизиті	6 Модуль. Төтенше жағдайлардың алдын алу және қорғау
Пәннің мазмұны	Пәннің мақсаты мен міндеті. Құбылыстың пайда болуының жіктелуі мен табиғи үрдістер, төтенше жағдайларға әкеп соғуы, тылсым құбылыстың литосферада пайда болуының түрлері мен жіктелуі. Тылсым құбылыстың гидросферада пайда болуы анықталуы және мінездемесі. Интенсивтік күші сағат сайын жалғасуы фактордың әсері, профилактикалық және құтқару жұмыстарының түрлері әр түрлі қауіптің пайда болуы үшін. Тылсым құбылыстың ауа қабатында пайда болуы метеорологиялық және агрометеорологиялық пайда болудың түрлері. Табиғи өрттер, ауылшаруашылығындағы жануарлардың инфекциялық аурулары. Ауылшаруашылық үрдісінде аурулардың өсуі мен зиянды заттардың қалыптасуы.
Пәннің құзіреттілігі	<ul style="list-style-type: none"> - білуге тиіс: құтқаруға және басқа да уақыт күттірмейтін жұмыстарға арналған машиналар мен құрылғылардың жалпы құрылысын, олардың параметрлерін, жұмыс үрдісін, негізгі конструкторлық-пайдалану мінездемесін, машинаны пайдалануға енгізу тәртібін, оларды пайдалану және қауіпсіз қолдану техникалық бақылаудың жалпы ережесін. - қабілетті болуы керек: уақыт күттірмейтін жұмыстарға арналған машиналар мен құрылғыларды қолдана алуы, құтқару техникаларын тиімді пайдалануы. - меңгеруі керек: құтқаруға және басқа да уақыт күттірмейтін жұмыстарға арналған машиналар мен құрылғыларды төтенше жағдайларда қолдана алуы үшін жете білуі тиіс. - құзіретті болуы керек: Табиғи және техногендік төтенше жағдайларда ұйымдастыру қабілеті мен қалай әрекет ете алу жағдайларды жете меңгеріп шығуы керек.
Қорытынды бақылау нысаны	Емтихан
Мерзімі	1 академиялық кезең (15 апта)
Әдебиеттер тізімі	Негізгі әдебиеттер: 1. Хамитов Н.М. Тіршілік қауіпсіздік негіздері оқу құралы Алматы: ҚазҰАЗУ 2020ж-140б. 2. Хамитов Н.М. Еңбек қорғау / оқулық – Алматы ҚазҰАЗУ 2020-

	<p>2076.</p> <p>3. Хамитов Н.М. Основы безопасности жизнедеятельности Алматы: 2020-119б.</p> <p>4. Беляков Г.И. Безопасность жизнедеятельности и охрана труда в сельском хозяйстве. Москва. Юрайт. С. 412. 2018</p> <p>5. Колчин А.В., Буренко Л.А., Филиппова Е.М. Рекомендации по аттестации рабочих мест. /Техника в сельском хозяйстве, 2013, № 6, с. 17 – 20.</p> <p>Қосымша әдебиеттер:</p> <p>1.Р.Р.Бейсенова, А.Зандыбай, А.Д.Рахишева, Г.Е.Саспугаева Биоэкологиялық мониторинг: оқу құралы.- Алматы: Эверо, 2017.- 188 б.</p> <p>2.Бейсенова Р.Р. Экология және тұрақты даму: оқулық.- Алматы: Эпиграф, 2016.- 160 б.</p> <p>3. Қ.Т.Жантасов, Е.Н.Кочеров, А.С.Наукенова, М.Қ.Жантасов Еңбекті қорғау және тіршілік қауіпсіздігі: оқулық.- Алматы: Эпиграф, 2016.- 588 б.</p> <p>4. М.Ж.Бурлибаев, А.А.Волчек, М.Ю.Калинин [и др.]Чрезвычайные ситуации в природной среде: мониторинг, прогноз, предупреждение.- Алматы: Каганат, 2013.- 356 с.</p> <p>5. Қ.Т.Жантасов, Е.Н.Кочеров, А.С.Наукенова, М.Қ.Жантасов Еңбекті қорғау және тіршілік қауіпсіздігі: оқулық.- Алматы: Эпиграф, 2016.- 588 б.</p>
--	--

**БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ: 6В11201 ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ
ӨМІРТІРШІЛІГІНІҢ ҚАУІПСІЗДІГІ**

Берілетін дәреже: 6В11201 – «Қоршаған ортаны қорғау және өміртіршілігінің қауіпсіздігі» білім беру бағдарламасы бойынша қызмет көрсету саласының бакалавры

2 КУРС

Циклы	Коды	Пәні	Академ. кредиті
3 семестр – 29 академиялық кредит			
<i>Міндетті компонент – 12кр.</i>			
ЖБП	Fil 2106	Философия	5
ЖБП	АКТ 2107	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	5
ЖБП	DSh 2111	Дене шынықтыру	2
<i>Жоғары оқу компонент – 17кр.</i>			
БП	Fiz 2233	Физика	6
БП	IKG 2235	Инженерлік және компьютерлік графика	6
БП	TK 2206	Техносферадағы қауіпсіздік	5
4 семестр – 32 академиялық кредит			
<i>Міндетті компонент – 2кр.</i>			
ЖБП	DSh 2112	Дене шынықтыру	2
<i>Жоғары оқу компоненті – 10 кр.</i>			
БП	TKM 2234	Теориялық және қолданбалы механика	5
БП	OT 2257	Өндірістік тәжірибе	5
<i>Таңдау компоненті – 20 кр.</i>			
БП	AKI 2264	Авариялық- құтқару ісі	5
	TZhKB 2264	Төтенше жағдайлардағы көлік және байланыс	
БП	AM 2254	Апаттар медицинасы	5
	TKMBN 2254	Тіршілік қауіпсіздігі медициналық-биологиялық негіздері	
БП	GZhMA 2253	Гидрогазодинамика және жылу-масса алмасу	5
	GZhTN 2253	Гидравлика және жылу техникасы негіздері	
БП	ASTZhHK 2247	Әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайлар және халықты қорғау	5
	AK 2251	Әлеуметтік қауіптер	

Пәнді сипаттау формуляры

Пәннің коды мен атауы	Нім 2207 Химия
Пәннің ПОҚ	Ахатова З.С., Касенова Б.А.
Пән циклі	БП/ ЖК
Оқу деңгейі	Бакалавр
Білім беру бағдарламасы	6В11201 – Қоршаған ортаны қорғау және өмір тіршілігінің қауіпсіздігі
Академиялық кредит	6
Оқыту формасы	Күндізгі
Семестр	3
Пәннің пререквизиттері	Химия (бастапқы білім)
Пәннің постреквизиттері	6 Модуль. Төтенше жағдайлардың алдын алу және қорғау
Пәнді оқу мақсаты	Кәсіптік және арнайы пәндерді игеруге мүмкіндік беретін химия пәнінен білім беру.
Пән мазмұны	Химияның негізгі түсініктері мен заңдылықтары. Атом құрылысы. Периодтық заң және ЭПЖ атом құрылысы көз қарасынан. Химиялық байланыс және молекула құрылысы. Химиялық кинетика. Ерітінділер. Электролиттер. Тұздар гидролизі. ТТР теориялық негіздері. Металдардың коррозиясы. Электролиз. Гальваникалық элементтер. Комплексті қосылыстар. Элементтердің химиясы. Органикалық химияның теориялық негіздері. Бутлеровтың органикалық қосылыстардың құрылыс теориясы. синтездеу және тазалау. Органикалық химиядағы реакциялардың механизмін анықтау. Органикалық заттардың құрылымы мен қасиеттердің арасындағы байланысты табу. Көмірсутектер. О-, N-органикалық қосылыстар. Сапалық және сандық талдау. Гравиметрия. Титриметриялық анализ. Физико-химиялық талдау әдістері. Фотоэлектроколориметрия. Потенциометрия. Хроматография.
Пәннің құзіреттілігі	<p>Пәннің меңгергеннен кейін бакалавр:</p> <ul style="list-style-type: none"> - бейорганикалық және органикалық қосылыстардың негізгі құрылыстары мен қасиеттерін, оларды сапалық, сандық және физико-химиялық талдау әдістерін қолдану арқылы біледі - теориялық білімдерін практикалық тапсырмаларды шешуде қолдануды түсінеді -практикалық мәселелерді шешуге, ғылыми зерттеулер жүргізу үшін білімдерін ұштастыруға қолдана алады - бейорганикалық, органикалық және аналитикалық химияның жалпы теориялық және эксперименталдық принциптері мен әдістерінде құзретті
Қорытынды бақылау нысаны	Емтихан
Мерзімі	1 академиялық кезең (15 апта)
Әдебиеттер тізімі	<p>Негізгі әдебиеттер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Ахатова З.С. Общая и неорганическая химия. –Алматы, 2015. 2. Ахатова З.С., Dmitry Yu.Murzin Органическая химия.

	<p>–Алматы, 2014.</p> <p>3. Ахатова З.С., Маденова П.С. Аналитическая химия.- Алматы, 2019.</p> <p>4. Дүйсебаев Қ.Ә. Бейорганикалық химия. –Алматы, 2010.</p> <p>5. Дүйсебаев Қ.Ә. Органикалық химия. –Алматы, 2011.</p> <p>Қосымша әдебиеттер:</p> <p>6. Маденова П.С. Аналитикалық химия. –Алматы, 2014.</p> <p>7. Вайткене Л.Д., Аниашвили К.С., Увлекательные химические опыты, –Алматы, 2019.</p> <p>8. Заикин В.Г., Варламов А.В., Мнкая Л.И., Простаков Н.С., Основы масс-спектрометрии органических соединений, –Алматы, 2001.</p>
--	---

Пәннің коды мен атауы	КГ 2209 Инженерлік және компьютерлік графика
Пәннің ПОҚ	Ибишев Ө.Ш., Жумагулов Ж.Б., Болат Ұ., Наурызбаева А.А.
Пән циклі	БП/ЖК
Оқу деңгейі	Бакалавр
Білім беру бағдарламасы	6В11201 «Қоршаған ортаны қорғау және өміртіршілігінің қауіпсіздігі»
Академиялық кредит	6
Оқыту формасы	Күндізгі
Семестр	3
Пәннің пререквизиттері	Математика
Пәннің постреквизиттері	Дипломдық жұмысты жазу және қорғау
Пәнді оқу мақсаты	Кескіндерді салу әдістерін баяндау және негіздеу, сондай-ақ берілген кескіндер арқылы әр түрлі геометриялық сипаттағы есептерді шешу жолдарын зерттеу.
Пән мазмұны	Проекциялау әдісі. Аксонометриялық проекциялар. Нүкте, сызық, жазықтық эпюрі. Проекцияларды түрлендіру тәсілдері. Геометриялық салулар. Кескіндер – көріністер, тіліктер және қималар. Біріктірулер. Бет эпюрі. Беттердің өзара қиылысуы. Бет жазбасы. Сызба салудың жалпы ережелері. Эскиздеу. Тетікбөлшектің жұмыстық сызбасы. Беттің кедір-бұдырлығы. Өлшемдердің шекті ауытқулары. Жалпы түр сызбасын оқу және тетікбөлшектеу.
Пәннің құзыреттілігі	<p>Пәнді меңгергеннен кейін студент:</p> <p>-сызбаның көмегімен техникалық ойларды беру тәсілдерін; геометриялық модельдеу аппаратының негіздерін; кескіндерді салудың теориялық негіздерін; кеңістік элементтерін жазықтықта кескіндеу әдістерін; алынған кескіндер көмегімен геометриялық сипаттағы есептер шығару әдістерін; конструкторлық құжаттаманың бірегей жүйесінің жалпы ережелерін; жалпы түр сызбасы мен құрастыру сызбасының қызметі мен мазмұнын біледі;</p> <p>-параллель проекциялау әдісімен алынған кескіндерді; геометриялық модельдеу аппаратының негіздерін;</p>

	<p>конструкторлық құжаттамалардың бірыңғай жүйесінің ережелерін; жалпы түр сызбасын тетікбөлшек сызбасын; конструкторлық құжаттамаларды дайындау және рәсімдеутәсілдерін түсінеді;</p> <p>-жобалау жұмыстарын орындау барысында жалпы түр және құрастыру сызбаларын, тетікбөлшектердің жұмыстық сызбаларын, принциптік электр сұлбаларын орындау ережелерін қолдана алады;</p> <p>-техникалық есептерді графикалық шешуге; техникалық және конструкторлық құжаттамаларды дайындауға, олармен жұмыс істеуге; тетікбөлшектердің жұмыстық сызбаларын рәсімдеуде КҚБЖ МЕСТ-тарын пайдалануда құзыретті.</p>
Қорытынды бақылау нысаны	Емтихан
Мерзімі	1 академиялық кезең (15 апта)
Әдебиеттер тізімі	<p>Негізгі әдебиеттер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Нәби Ы.А. Сызба геометрия және инженерлік графика. Алматы. «Бастау» 2010 2. Нәби Ы.А. Сызба геометрия және инженерлік графика бойынша есептер мен тапсырмалар жинағы, Алматы, 2010 3. Нәби Ы. А. «Сызба геометрия және инженерлік графика» пәнінің базалық курсы оқып білу жөнінде әдістемелік ұсынымдар, Алматы «Бастау» 2013 4. Ібішев Ө. Сандық белгісі бар проекциялар. ҚазҰАУ, Агроиздат. Алматы 2013 5. Ыбраев А. Инженерлік графика. Техникалық жоғары оқу орындары мамандықтарының студенттеріне арналған оқулық / А. Ыбраев. – Алматы : Білім, 2011. – 224 бет. <p>Қосымша әдебиеттер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 6. Ә.Төлбаев Машиналық графика AutoCAD компьютерлік графика жүйесіне кіріспе Алматы КазНАУ 2014 ж.

Пәннің коды мен атауы	АК 2208 Әлеуметтік қауіптер
Пәннің ПОҚ	Алимбетова А.Ж., Ардакова А.А., Дюсенбиева А.Х.
Пән циклі	БП/ТК
Оқу деңгейі	Бакалавр
Білім беру бағдарламасы	6В11201 – «Қоршаған ортаны қорғау және өміртіршілігінің қауіпсіздігі»
Академиялық кредит	6
Оқыту формасы	күндізгі
Семестр	4
Пәннің пререквизиттері	Әлеуметтік-саяси білімнің модулі
Пәннің постреквизиттері	4 Модуль. Арнайы медициналық-санитарлық және құқықтық дайындық
Пәннің мақсаты	«Әлеуметтік қауіптер» пәнін игерудің мақсаты - студенттердің жеке басының қауіпсіздігі және басқалардың қауіпсіздігі мәселелеріне саналы және жауапкершілікпен қарауын қалыптастыру.

Пәннің мазмұны	Әлеуметтік қауіптің түрлері, көрінісі мен даму заңдылықтары. Әлеуметтік қауіпті болжау және оның салдарымен күресу. Әлеуметтік жүйе және тұлға. Терроризм, діни және ұлтаралық қақтығыстардың қауіптілігі. Қазақстандағы экстремизм, діни секталар. Үйдегі жанжалдар. Қылмыстық шығу қаупі және олардан қорғанудың әлеуметтік қауіптері. Әлеуметтік зиян және қауіпсіздік шаралары
Пәннің құзіреттілігі	<p>Пәнді игергеннен кейін студенттер міндетті: білу керек:</p> <ul style="list-style-type: none"> -әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайлардың аспектілері, адамның қауіпсіз түрінің әлеуметтік-психологиялық сипаттамалары; -әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайлар кезіндегі ұжымдық және жеке қорғану әдістері <p>ұсынуы болу керек:</p> <ul style="list-style-type: none"> -төтенше әлеуметтік жағдайлар, олардың жіктелуі, сипаттамасы және пайда болу заңдылықтары туралы; <p>дағдылары болуы керек:</p> <ul style="list-style-type: none"> -әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайлар кезіндегі тіршілік қауіпсіздігі негіздері бойынша сабақтарды ұйымдастыру және әдістемелік тұрғыдан дұрыс жүргізу <p>құзыретті болуы керек:</p> <ul style="list-style-type: none"> -әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайлар кезіндегі қорғаныс әдістерін практикада қолдану және оларды оқыту; -әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайлар кезіндегі тұрғындардың қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын дамыту
Қорытынды бақылау нысаны	Емтихан
Мерзімі	1 академиялық кезең (15 апта)
Әдебиеттер тізімі	<p>Негізгі әдебиеттер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Хамитов Н.М. Тіршілік қауіпсіздік негіздері оқу құралы Алматы: ҚазҰАЗУ 2020ж-140б. 2. Хамитов Н.М. Еңбек қорғау / оқулық – Алматы ҚазҰАЗУ 2020-207б. 3. Хамитов Н.М. Основы безопасности жизнедеятельности Алматы: 2020-119б. 4. Беляков Г.И. Безопасность жизнедеятельности и охрана труда в сельском хозяйстве. Москва. Юрайт. С. 412. 2018 5. Колчин А.В., Буренко Л.А., Филиппова Е.М. Рекомендации по аттестации рабочих мест. /Техника в сельском хозяйстве, 2013, № 6, с. 17 – 20. <p>Қосымша әдебиеттер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1.Р.Р.Бейсенова, А.Зандыбай, А.Д.Рахишева, Г.Е.Саспугаева Биоэкологиялық мониторинг: оқу құралы.- Алматы: Эверо, 2017.- 188 б. 2.Бейсенова Р.Р. Экология және тұрақты даму [Мәтін]: оқулық.- Алматы: Эпиграф, 2016.- 160 б. 3. Қ.Т.Жантасов, Е.Н.Кочеров, А.С.Наукенова, М.Қ.Жантасов Еңбекті қорғау және тіршілік қауіпсіздігі]: оқулық.- Алматы: Эпиграф, 2016.- 588 б.

	4. М.Ж.Бурлибаев, А.А.Волчек, М.Ю.Калинин [и др.] Чрезвычайные ситуации в природной среде: мониторинг, прогноз, предупреждение .- Алматы: Каганат, 2013.- 356 с. 5. Қ.Т.Жантасов, Е.Н.Кочеров, А.С.Наукенова, М.Қ.Жантасов Еңбекті қорғау және тіршілік қауіпсіздігі: оқулық.- Алматы: Эпиграф, 2016.- 588 б.
--	--

Пәннің коды мен атауы	КФАК 2208 Қауіпті факторлардың антропогенді көздері
Пәннің ПОҚ	Алимбетова А.Ж., Ардакова А.А., Дюсенбиева А.Х.
Пән циклі	БП/ТК
Оқу деңгейі	Бакалавр
Білім беру бағдарламасы	6В11201 – «Қоршаған ортаны қорғау және өміртіршілігінің қауіпсіздігі»
Академиялық кредит	6
Оқыту формасы	күндізгі
Семестр	3
Пәннің пререквизиттері	Әлеуметтік-саяси білімнің модулі
Пәннің постреквизиттері	4 Модуль. Арнайы медициналық-санитарлық және құқықтық дайындық
Пәннің мақсаты	Пәнді оқудың мақсаты студенттерді антропогендік қауіптілік көздерінің адамдарға тигізетін кері әсерін тану, бағалау және алдын-алу оқыту
Пәннің мазмұны	Қауіпсіздік және өмір сүрудің негізгі көрсеткіштері. Ғылымның, техниканың, экономиканың, ауыл шаруашылығының прогресіне әсер ететін өркениеттің дамуы, энергияның әртүрлі түрлерін, ядролыққа дейін пайдалану, машиналар, механизмдер жасау, тыңайтқыштар мен зиянкестермен күресудің әртүрлі құралдарын қолдану, олардың санын едәуір арттырады. адамға зиянды әсер ететін зиянды факторлар. Адамды антропогендік қауіпті факторлардан қорғаудың жолдары мен әдістері. Шетелде антропогендік көздердің зиянды факторларынан халықты қорғау тәжірибесі. Халықаралық атаулар мен ұжымдық қорғаныс туралы ережелер.
Пәннің құзіреттілігі	Пәнді игергеннен кейін студенттер міндетті: білу керек: -адамның антропогендік қауіпті көздерге әсер етуінің әлеуметтік және психологиялық аспектілері ұсынуы болу керек: -антропогендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезіндегі ұжымдық және жеке қорғану әдістері туралы дағдылары болуы керек: -қызметкерлер мен халықты антропогендік қауіпті көздердің зиянды факторларынан қорғау үшін сабақтарды ұйымдастыру және әдістемелік тұрғыдан дұрыс жүргізу; құзыретті болуы керек: -халықты және персоналды антропогендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде қорғау әдістерін қолдану; -халықты және кадрларды антропогендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезіндегі қауіпсіз мінез-құлық

	дағдыларын дамыту
Қорытынды бақылау нысаны	Емтихан
Мерзімі	1 академиялық кезең (15 апта)
Әдебиеттер тізімі	<p>Негізгі әдебиеттер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Хамитов Н.М. Тіршілік қауіпсіздік негіздері оқу құралы Алматы: ҚазҰАЗУ 2020ж. 140б.. 2.Хамитов Н.М. Еңбек қорғау / оқулық – Алматы ҚазҰАЗУ 2020ж. 207б.. 3.Хамитов Н.М. Основы безопасности жизнедеятельности Алматы: 2020ж. 119б.. 4. Беляков Г.И. Безопасность жизнедеятельности и охрана труда в сельском хозяйстве. Москва. Юрайт. С. 412. 2018 5. Колчин А.В., Буренко Л.А., Филиппова Е.М. Рекомендации по аттестации рабочих мест. /Техника в сельском хозяйстве, 2013, № 6, с. 17 – 20. <p>Қосымша әдебиеттер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Р.Р.Бейсенова, А.Зандыбай, А.Д.Рахишева, Г.Е.Саспугаева Биоэкологиялық мониторинг: оқу құралы.- Алматы: Эверо, 2017.- 188 б. 2.Бейсенова Р.Р. Экология және тұрақты даму: оқулық.- Алматы: Эпиграф, 2016.- 160 б. 3. Қ.Т.Жантасов, Е.Н.Кочеров, А.С.Наукенова, М.Қ.Жантасов Еңбекті қорғау және тіршілік қауіпсіздігі [Мәтін]: оқулық.- Алматы: Эпиграф, 2016.- 588 б. 4. М.Ж.Бурлибаев, А.А.Волчек, М.Ю.Калинин [и др.] Чрезвычайные ситуации в природной среде: мониторинг, прогноз, предупреждение .- Алматы: Каганат, 2013.- 356 с. 5. Қ.Т.Жантасов, Е.Н.Кочеров, А.С.Наукенова, М.Қ.Жантасов Еңбекті қорғау және тіршілік қауіпсіздігі: оқулық.- Алматы: Эпиграф, 2016.- 588 б.

Пәннің коды мен атауы	ТКМ 2210 Теориялық және қолданбалы механика
Пәннің ПОҚ	Жумагулов Ж.Б.
Пән циклы	БП/ТК
Оқу деңгейі	Бакалавр
Білім беру бағдарламасы	6В11201 – Қоршаған ортаны қорғау және өмір тіршілігінің қауіпсіздігі
Академиялық кредит	6
Оқыту формасы	Күндізгі
Семестр	4
Пәннің пререквизиттері	Математика (мектеп бағдарламасы), Физика (мектеп бағдарламасы).
Пәннің постреквизиттері	8 Модуль. Кәсіби-техникалық дайындық
Пән мазмұны	Механиканың негізгі ұғымдары мен аксиомалары, күштер жүйелерінің түрлендіру тәсілдері, қатты дененің тепе-теңдік шарттары, нүкте қозғалысының берілуі және оның жылдамдығы мен үдеуін табу әдістері, қатты дене қозғалысының негізгі түрлері, нүктенің күрделі қозғалысы,

	материялық нүкте динамикасының негізгі мәселелері, жүйе массасы, механикалық жүйе динамикасы.
Пәннің күзiреттiлiгi	<p>– қатты денеге әсер ететiн күштердiң қасиеттерi және олардың тепе-теңдiк шарттарын; қозғалыстағы нүктенiң және қатты дененiң кинематикалық параметрлерi мен оларды анықтаудың әдiстерiн; әсер етушi күштерге байланысты материялық денелердiң механикалық қозғалысының заңдылығын бiлуге тиiс.</p> <p>– динамиканың және кинематиканың тура және керi есептерiн шешуге; өндiрiстегi теориялық және практикалық есептердi шешу үшiн механиканың заңдылықтары мен әдiстерiн пайдалануға; механикалық жүйе динамикасының жалпы теоремаларын пайдалануға; механикалық жүйе қозғалысының теңдеулерiн құрастырып, шешушге және талдауға қабiлеттi болу керек.</p> <p>– статиканың, кинематиканың және динамиканың теңдеулерiн пайдаланып, механикалық жүйенi есептеуге және талдауға дағдылану керек; физико-математикалық моделдер базасында стандартты бағдарламалық құралдар мен жаңа бағдарламалардың түрлерiн әзiрлеп нақты пән саласында қолдануға дағдылануды меңгеруi керек.</p> <p>– заманайу техникалардағы нақты инженерлiк есептердi шешу үшiн, материалдық денелердiң тепе-теңдiк шарты мен механикалық жүйелер қозғалыстарының заңдылықтарын бiлуге күзреттi болуы керек.</p>
Қорытынды бақылау нысаны	Емтихан
Мерзiмi	1 академиялық кезең (15 апта)
Әдебиеттер тiзмi	<p>Негiзгi әдебиеттер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Иңқарбеков А. Б. Теориялық механика (статика және кинематика). Алматы: «Бастау баспасы», 2012. – 240 бет. 2. Иңқарбеков А. Б. Теориялық механика (Динамика). Алматы: «Бастау баспасы», 2012. – 292 бет. 3. Иңқарбеков А. Б., Жұмағұлов Ж. Б. Теориялық механика: есептер жинағы (I том: Статика және кинематика). – Алматы: «Бастау», 2016. – 288 бет. 4. Иңқарбеков А. Б., Жұмағұлов Ж. Б. Теориялық механика: есептер жинағы (II том: Динамика). – Алматы: «Бастау», 2016. – 368 бет. 5. Иңқарбеков А. Б., Жұмағұлов Ж. Б., Қаржаубаев Ә. С. Теориялық механика пәнінің семестрлік жұмыстары. Алматы. «Бастау» баспасы, 2010. – 240 бет. <p>Қосымша әдебиеттер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 6. Иңқарбеков А. Б., Жұмағұлов Ж. Б. Теориялық механика: есептер жинағы (II том: Динамика). – Алматы: «Бастау», 2016. – 368 бет. 7. Иңқарбеков А. Б., Жұмағұлов Ж. Б., Қаржаубаев Ә. С. Теориялық механика пәнінің семестрлік жұмыстары. Алматы. «Бастау» баспасы, 2010. – 240 бет.

Пәннің коды мен атауы

ИМ 2210 Инженерлік механика

Пәннің ПОҚ	Жумағұлов Ж.Б.
Пән циклы	БП/ТК
Оқу деңгейі	Бакалавр
Білім беру бағдарламасы	6В11201 – Қоршаған ортаны қорғау және өмір тіршілігінің қауіпсіздігі
Академиялық кредит	6
Оқыту формасы	Күндізгі
Семестр	4
Пәннің пререквизиттері	Математика (мектеп бағдарламасы), Физика (мектеп бағдарламасы).
Пәннің постреквизиттері	8 Модуль. Кәсіби-техникалық дайындық
Пәннің мазмұны	Механиканың негізгі ұғымдары мен аксиомалары, күштер жүйелерінің түрлендіру тәсілдері, қатты дененің тепе-теңдік шарттары, нүкте қозғалысының берілуі және оның жылдамдығы мен үдеуін табу әдістері, қатты дене қозғалысының негізгі түрлері, нүктенің күрделі қозғалысы, материялық нүкте динамикасының негізгі мәселелері, жүйе массасы, механикалық жүйе динамикасы.
Пәннің құзіреттілігі	<p>–қатты денеге әсер ететін күштердің қасиеттері және олардың тепе-теңдік шарттарын; қозғалыстағы нүктенің және қатты дененің кинематикалық параметрлері мен оларды анықтаудың әдістерін; әсер етуші күштерге байланысты материялық денелердің механикалық қозғалысының заңдылығын білуге тиіс.</p> <p>– динамиканың және кинематиканың тура және кері есептерін шешуге; өндірістегі теориялық және практикалық есептерді шешу үшін механиканың заңдылықтары мен әдістерін пайдалануға; механикалық жүйе динамикасының жалпы теоремаларын пайдалануға; механикалық жүйе қозғалысының теңдеулерін құрастырып, шешушіге және талдауға қабілетті болу керек.</p> <p>– статиканың, кинематиканың және динамиканың теңдеулерін пайдаланып, механикалық жүйені есептеуге және талдауға дағдылану керек; физико-математикалық моделдер базасында стандартты бағдарламалық құралдар мен жаңа бағдарламалардың түрлерін әзірлеп нақты пән саласында қолдануға дағдылануды менгеруі керек.</p> <p>– заманайу техникалардағы нақты инженерлік есептерді шешу үшін, материалдық денелердің тепе-теңдік шарты мен механикалық жүйелер қозғалыстарының заңдылықтарын білуге құзретті болуы керек.</p>
Қорытынды бақылау нысаны	Емтихан
Мерзімі	1 академиялық кезең (15 апта)
Әдебиеттер тізмі	<p>Негізгі әдебиеттер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Іңқарбеков А. Б. Теориялық механика (статика және кинематика). Алматы: «Бастау баспасы», 2012. – 240 бет. 2. Іңқарбеков А. Б. Теориялық механика (Динамика). Алматы: «Бастау баспасы», 2012. – 292 бет. 3. Іңқарбеков А. Б., Жұмағұлов Ж. Б. Теориялық механика: есептер жинағы (I том: Статика және кинематика). – Алматы:

	<p>«Бастау», 2016. – 288 бет.</p> <p>4. Іңкәрбеков А. Б., Жұмағұлов Ж. Б. Теориялық механика: есептер жинағы (II том: Динамика). – Алматы: «Бастау», 2016. – 368 бет.</p> <p>5. Іңкәрбеков А. Б., Жұмағұлов Ж. Б., Қаржаубаев Ә. С. Теориялық механика пәнінің семестрлік жұмыстары. Алматы. «Бастау» баспасы, 2010. – 240 бет.</p> <p>Қосымша әдебиеттер:</p> <p>6. Іңкәрбеков А. Б., Жұмағұлов Ж. Б. Теориялық механика: есептер жинағы (II том: Динамика). – Алматы: «Бастау», 2016. – 368 бет.</p> <p>7. Іңкәрбеков А. Б., Жұмағұлов Ж. Б., Қаржаубаев Ә. С. Теориялық механика пәнінің семестрлік жұмыстары. Алматы. «Бастау» баспасы, 2010. – 240 бет.</p>
--	---

Пәннің коды мен атауы	АМ 2211 Апаттар медицинасы
Пәннің ПОҚ	Алимбетова А.Ж., Ардакова А.А., Дюсенбиева А.Х.
Пән циклі	БП/ТК
Оқу деңгейі	Бакалавр
Білім беру бағдарламасы	6В11201 – «Қоршаған ортаны қорғау және өміртіршілігінің қауіпсіздігі»
Академиялық кредит	6
Оқыту формасы	күндізгі
Семестр	4
Пәннің пререквизиттері	Табиғи тылсым құбылыстары/Техногенді катастрофалар
Пәннің постреквизиттері	6 Модуль. Төтенше жағдайлардың алдын алу және қорғау
Пәннің мазмұны	<p>Кіріспе. Апаттар медицинасы орталығының тарихы мен филиалдары. Апаттардың медициналық сипаттамасы. Төтенше жағдайларда халықтың медициналық қамсыздығын ұйымдастыру. ТЖ халықты, ауру адамдарды және апаттар медицинасы қызметінің қызметкерлерін қорғау. ТЖ зақымданғандарға жедел медициналық жәрдем. Су тасқындардың медициналық-тактикалық сипаттамасы. Эпидемиялық зақымдану жағдайындағы медициналық-тактикалық сипаттама. ТЖ-да бірінші медициналық және алғашқы дәрігерге дейінгі көмек көрсетуді ұйымдастыру және оның көлемі. ТЖ-да санитарлық-гигиеналық және эпидемияға қарсы шаралар. ТЖ-да халықтың медициналық қамсыздығын ұйымдастыру. Апаттар медицинасы қызметінің міндеттері және ұйымдастыру қағидалары.</p> <p>ТЖ зардап шеккен халықты емдеу-көшіру қамсыздығының негіздері. ТЖ зақымданғандарды медициналық сұрыптау. Ауыр жүрек-тамырлық жетіспеушілік. Ауыр тыныс алу жетіспеушілігі. Коматоздық күй. Жарақаттық шок. Ұзақ қысылу синдромы. Реанимация. Карантин. Обсервация. Жарақаттар және олардың жіктелуі. Қан кету. Қансырау. Термиялық жарақат. Психиканың бұзылуы. Аса қауіпті</p>

	жұқпалы аурулардың алдын-алу және медициналық көмек көрсету әдістері мен тәсілдері.
